

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

Қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<Тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы> бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 92 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> сатып алу қорытындысы туралы <хаттаманың бекітілген күні> хаттамаға сәйкес _____ сатып алу туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі – Қызмет) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) сомасына Жеткізушінің баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсетуге міндеттеме алады.

1.3. Сатып алынатын Қызметтің тізбесі, техникалық ерекше нұсқамасы және үздіксіз электр қуатын беру жүйесіне техникалық қызмет көрсету кестесі Шартқа 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) (бұдан әрі – Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құнынан <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады> (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық

заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады). Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баж салықтары мен өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығысы кіреді.

2.2. Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы Шарт бойынша ақы төлейді:

жартыжылдық бойынша тең үлестермен, Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны) ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 15-бөлімінде не Шарттың 11.1-тармағында көзделген Жеткізушінің деректемелері бойынша ақша аудару арқылы жүргізеді.

Төлем шоты (шот-фактура) (егер Жеткізуші бейрезидент болып табылса, инвойс) екі Тарап та Актіге қол қойғаннан кейін ұсынылады.

Қағаз тасымалдағыштағы төлем шоты Тапсырыс берушіге Жеткізушінің басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге беріледі. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының (бейрезидент үшін – Жеткізуші елінің) салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баж салықтарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін осы сияқты өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші түпкілікті табыс алушы болса және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе тиісті халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысына қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Салық салудан босату немесе салықтың төмендетілген мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шартты қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетіле отырып, құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де осыған ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі құрылған жағдайда Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде бейрезиденттің тіркелуін растайтын құжатты ұсыну талабымен Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамай Жеткізушіге табыс сомасын төлейді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және Тапсырыс беруші оларды келесі күнтізбелік 5 (бес) күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші көрсеткен Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажет құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес Қызметке ақы төлеуге міндеттенеді;
- 4) Қызмет көрсету үшін Жеткізуші тартатын қызметкерлерге Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқама жүргізуге;
- 5) Шарттың талаптарына сәйкес Актіге қол қоюға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөнінде жұмыс орнында кіріспе нұсқама және нұсқама өткізуге;
- 7) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға;
- 8) кепілдіктің қолданылу кезеңінде көрсетілген Қызметте Тапсырыс берушінің кінәсінен туындамаған ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші ақаулар анықталған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жеткізушіге ақаулар бар екендігі туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндеттенеді.
- 9) Тараптардың Шарттан туындайтын және ол реттемеген мәселелерін және басқа да қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге және/немесе реттеуге;

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарт талаптарына сәйкес Қызметтің толық көлемде және мерзімде тиісінше көрсетілуін талап етуге;
- 2) көрсетілетін Қызметтің көрсетілу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметті қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, олқылықтар, қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жібере отырып, ішінара немесе толығымен ақы төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға.

- 4) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға;
- 5) Жеткізушіден Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және туындауына Жеткізушінің кінәсі жоқ объективті себептер болған кезде өзінің қалауы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;
- 7) Жеткізушіден оның өкілдерінің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын сақтауды талап етуге;
- 8) Қызмет көрсету кезеңінде Жеткізушіден техникалық көмек пен консультацияларды тегін алуға;
- 9) Шарттың талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушіге есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) шегергенде төлем жүргізуге;
- 10) Жеткізушінің кінәсінен болмаған Жабдықтың сынуы анықталған жағдайда, жеткізушіге жазбаша өтінім жолдау арқылы жабдықты тексеру және ақаулы актіні ресімдеу үшін Жеткізушінің мамандарын шақыруға;
- 11) Кез келген хабарламаны екінші Тарапқа жіберген кезде Шартқа сәйкес оны пошта, факс, электрондық пошта немесе кез келген басқа тәсілмен жіберуге міндетті.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда толық көлемде Қызмет көрсетуге;
- 2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсету барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 3) білікті мамандардың Қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге;
- 4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметті қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/жоядан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 6) Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеуге және құпия сақтауға;
- 7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 8) егер Жеткізуші Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 9) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін

толығымен де, ішінара да ешкімге бермеуге (қажет болғанда);

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетелдік азаматтар мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын):

Қызмет көрсетуге тартылатын қызметкерлердің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, рұқсат берілетін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын көрсете отырып, жабдықтар мен құралдарды кіргізу туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын және Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздей отырып, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсету арқылы, қызметтік: есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымалды компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдауыштарын (флеш-дискілерді, CD, DVD-дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатты дискілерді және басқаларын), бейне-, кино-, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз ұялы телефондарын (Wi-Fi, Wi-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімді модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, көлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады) хат жіберуге;

12) Тапсырыс берушінің аумағы мен ғимаратына кіру кезінде жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге және (кіру/шығу кезінде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге;

13) бақылау-өткізу пунктінің (бұдан әрі - БӨП) көлік шлюзі арқылы жіберілетін көлік құралдарындағы адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, көлік құралдарының тіркеу құжаттарын, құндылықтарға ілеспе құжаттарды өзімен бірге алып жүруге және көрсетуге және келу мақсаты туралы хабарлауға;

14) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) көлікпен әкелуге (әкетуге), әкелуге (әкетуге) тыйым салу, сондай-ақ:

атыс, суық қару және өзге де қаруларды, оқ-дәрілерді;

адам ағзасына емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға не ағзаның органдары мен жүйелерінің функцияларын алмастыруға немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағанда, жеке көзбен шолып бақылау құралдарын, бейне -, кино - және фотоаппаратураларды, жазып алатын құрылғыларды, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдағыштарды (флеш-карталар, USB-дискілер және басқалар), ұялы байланыс құралдарын, сондай-ақ оларға керек-жарақтарды, жеке электрондық техниканы, радиотехникалық және басқа да аппаратураларды;

деректерді беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілерге және Интернет желісіне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және басқалар) шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғыларды, оның ішінде сымсыз құрылғыларды;

уландырғыш заттар мен күшті әсер ететін улы заттарды;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттарды;

радиоактивті заттарды;

психотроптық заттар, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттарды;

алкогольдік ішімдіктер, есірткі заттары, тез тұтанатын сұйықтықтарды (өндірістік мақсатта қажеттілерді қоспағанда) пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды сақтауға;

Объектіге алкогольдік, есірткілік, психотроптық және уытқұмарлық масаң күйде келуге тыйым салынады;

15) Қызмет көрсету басталғанға дейін Қызмет көрсету үшін тартылған қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша жұмыс орнында кіріспе нұсқамадан және нұсқамадан өтуін қамтамасыз етуге;

16) Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

17) Қызмет көрсету басталғанға дейін Қызмет көрсетуге тартылатын қызметкерлердің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқамадан өтуін қамтамасыз етуге;

18) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

19) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс беруші белгілеген режимдік талаптарды орындауға;

20) Қызмет көрсету басталғанға дейін Жеткізуші, бірлесіп орындаушы қызметкерлерінің Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Қызмет көрсету кезінде алынған жасырын ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюын қамтамасыз етуге;

21) Қызмет көрсету кезінде және ақауларды, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде анықталған ақауларды жою кезінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да қолданыстағы халықаралық (қазақстандық) стандарттарға, талаптарға, нормаларға, қағидаларға, Қазақстан Республикасының заңнамасына жауап беретін автокөлікті, жаңа, пайдаланылмаған және тиісті (жоғары) сападағы жабдықты, материалдарды, құрылымдарды, тораптар мен бөлшектерді пайдалануға міндеттенеді. Жабдықты, автокөлікті, сапалы материалдарды, құрылымдарды, тораптар мен бөлшектерді беруге байланысты барлық шығыстарды Жеткізуші өзіне алады;

22) Қызметтің Шартта ескерілмеген қосымша түрлері мен көлемі пайда болған жағдайда олар туралы келісу және Шарттың жалпы сомасының шегінде орындау үшін бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша және уақтылы хабарлауға;

23) Шарт бұзылған жағдайда өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне оны Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

24) Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауға;

25) Кестені (Шартқа 3-қосымша) сақтауға;

26) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге, Шарттың талаптарына сәйкес шығындарды толық көлемде өтеуге және тұрақсыздық айыбын төлеуге;

27) Тапсырыс берушіге Қызмет көрсету кезінде Жеткізушінің залал келтіруі не оның кінәсінен бұзушылықтарға жол беру себебімен үшінші тұлғалардың талап-арыздарынан және наразылықтарынан Тапсырыс берушіні қорғауға;

28) білімі мен барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жұмысты бақылауға және бағыттауға. Жеткізуші Қызмет көрсету құралдарына, әдістеріне, техникасына, кезектілігіне және сапасына, сондай-ақ Шарт бойынша барлық жұмыстардың үйлестірілуіне толық жауапты болады;

29) Қызмет көрсету үшін Жеткізушіге берілген Тапсырыс беруші жабдықтарының, материалдарының, құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге. Материалдарды, құжаттарды және жабдықтың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда,

жөндеуге (қалпына келтіруге) және жөндеу (қалпына келтіру) кезінде амалсыз тоқтап тұруға кеткен барлық шығынды жөндеу (қалпына келтіру) мерзімі ішінде (жіберіп алған пайда үшін де) өтеуге;

30) Қызмет көрсету кезеңіне Қызмет көрсетуді үйлестіру үшін байланыстырушы тұлғаны белгілеуге;

31) Қызмет көрсетуге байланысты техникалық мәселелерді шешу бойынша практикалық көмек көрсетуге;

32) Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін бөлінген аумағында және/немесе үй-жайларында бірлесіп орындаушылар болған кезде, олармен өз жұмыстарын өз бетінше үйлестіруге;

33) егер Тапсырыс беруші себебін көрсете отырып, Жеткізушінің немесе бірлесіп жұмыс істеушінің қызметкері болып табылатын тұлғаны Қызмет көрсетуден босату туралы өтінген жағдайда, 72 сағат ішінде босатуға, бұдан кейін аталған тұлғаның Қызмет көрсетумен еш байланысы болмауы тиіс;

34) Қызмет көрсеткен кезде Жеткізушінің кінәсінен Тапсырыс берушінің жабдығы бұзылған, жұмыс істемей қалған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде өз есебінен жабдықты қалпына келтіреді;

35) Жеткізушінің кінәсінен жартыжылдық техникалық қызмет көрсету кезеңінде және алаығындағы кезеңде анықталған бұзылуларды, ақауларды Жеткізуші Шарт қолданылған барлық мерзім ішінде жояды;

36) Жеткізуші жеткізетін барлық материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыруға жауапты болуға міндеттенеді. Жеткізулер тек Жеткізушінің атына ғана жүзеге асырылады. Ешқандай жағдайда Тапсырыс беруші көлік құралдарын жеткізуге, өңдеуге, сақтауға және олардың бос тұрып қалуына байланысты шығыстар үшін жауапты болмайды. Ешқандай жеткізілімдер Тапсырыс берушінің мекенжайына жіберілмейді;

37) егер Шарт бұзылса, жұмысты дереу тоқтатуға;

38) Актіге қол қойылғанға дейін Тапсырыс берушіге жабдықтың техникалық жай-күйі (ауыстыруға жататын қосалқы бөлшектердің, тораптар мен бөлшектердің тізбесі) бойынша жазбаша ұсынымдар беруге;

39) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді;

40) Жеткізуші көрсетілген Қызметтің сапасы Шарттың талаптарына сәйкес келетініне кепілдік береді;

41) көрсетілген Қызметке кепілдік мерзімі 6 (алты) айды құрайды және екі Тарап Актіге қол қойған күннен бастап есептеледі. Актіде Шарттың осы тармақшасының талаптарына сәйкес Жеткізушінің кепілдік міндеттемелері және оған Тараптар қол қойған күннен бастап олардың қолданылу мерзімі міндетті түрде көрсетіледі;

42) кепілдік мерзімі кезеңінде көрсетілген Қызметте анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ақауларды өз есебінен жоюға;

43) Ақауы жойылған Қызметке кепілдік мерзімін ақауларды жою жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартуға міндеттенеді. Бұл ретте ұзарту мерзімін ескере отырып, кепілдік мерзімінің аяқталу күні Тараптар қол қойған ақауларды жою актісінде көрсетіледі;

44) Жеткізушінің кепілдік міндеттемелері Актіде немесе көрсетілген Қызметтің ақауларын жою актісінде көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

45) Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен техникалық регламенттерінің талаптарын сақтауға міндетті;

46) 3.2-тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген Тапсырыс берушіден жазбаша өтінім алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жүзеге асырылады. Жабдықтар бұзылған

жағдайда жеткізушінің кінәсінен емес жабдықты ақысыз негізде тексеріп ақаулы актіні ресімдеу;

47) Тараптардың Шарттан туындайтын және ол реттемеген мәселелерін және басқа да қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге және/немесе реттеуге міндетті.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызмет көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруіне рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызмет үшін ақы алуға құқылы.

4) өзінің кінәсінен болған өрттің, авариялардың, жазатайым оқиғалардың зардаптарын өз ресурстары мен қаражаты есебінен өз бетінше жоюға міндетті. Келтірілген залалдың салдарын жою мерзімі келтірілген залалдың көлеміне қарай комиссиялық тәртіппен айқындалады және келтірілген залалдың еркін нысанда жасалған және Тараптар қол қойған актісінде көрсетіледі;

5) өндірістік қажеттілік жағдайында, Қызмет көрсету кезінде мереке, демалыс күндері, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта жұмыс істеуге құқылы.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі -көрсетілген кезеңде Қызмет көрсетілгенге дейін, Кестеде (Шартқа 3-қосымша) көрсетілген күннен бастап жылына екі рет белгіленеді.

4.2. Қызметтер көрсету орны: A01T7M2, Алматы қ., Райымбек даңғ., № 511 үй.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Қызмет көрсету аяқталғаннан кейін Жеткізуші Тапсырыс берушіге техникалық қызмет көрсету нәтижелері бойынша техникалық есепті және үздіксіз қуат беру көздерін одан әрі пайдалану және оларға қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды ұсынады.

5.2. Тапсырыс беруші Жеткізуші көрсеткен қызметті тексеруді 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.

Ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші бұл Туралы Жеткізушіге жазбаша хабардар етеді. Жеткізуші ақауларды Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жояды.

5.3 Ақаулар болмаған немесе жойылған жағдайда актіге Тапсырыс беруші күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде қол қояды. Акт Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша жасалады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауап береді.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өз құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 2) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда -ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 3) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартылған жағдайда Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды Жеткізушінің өтеуін талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін ақы төленуге тиіс сомадан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Тапсырыс беруші Шарттың 3.3-тармағының 26) тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарламаны алған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 15% (он бес пайызы) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді.

6.10. Жеткізуші Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне және өз жұмыскерлері мен бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің денсаулығына залал келтіруге немесе залал келтіруге, сондай-ақ өз жұмыскерлері мен бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің қаза болуына байланысты және шартты орындау барысында және оның салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

6.11. Жеткізуші кінәсінен қызмет көрсету процесінде болған өрт, авариялар, жазатайым оқиғалар жағдайында Жеткізуші Тапсырыс берушіге келтірілген залалды жою жөніндегі барлық шығыстарды Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлеуге шот және еркін нысанда ресімделген және Тараптардың өкілдері қол қойған келтірілген залал актісін берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді. Болған өрт, авария, жазатайым оқиға фактілерін өрт сөндіру, авариялар мен жазатайым оқиғаларды жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты тиісті мемлекеттік органның бөлімшелері растайды. Келтірілген залалдың сомасын

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз бағалаушы айқындайды. Бұл ретте Бағалау бойынша шығыстарды Жеткізуші төлейді.

Жеткізуші өз ресурстары мен қаражаты есебінен өз кінәсінен болған өрттің, авариялардың, жазатайым оқиғалардың салдарын дербес жоюға құқылы.

Келтірілген залалдың салдарын жою мерзімі келтірілген залалдың көлеміне байланысты комиссиялық тәртіппен айқындалады және келтірілген залалдың еркін нысанда жасалған және тараптар қол қойған актісінде көрсетіледі.

6.12. Жеткізуші қызмет көрсету кезінде Жеткізушінің қызметкерлерімен және бірлесіп Орындаушының қызметкерлерімен болған барлық жазатайым оқиғалар бойынша, оның ішінде оны қызметкерлер мен бірлесіп Орындаушының қызметкерлері сақтамағаны үшін жауапты болады:

1) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын;

2) Электр қондырғыларын пайдалану тәртібін регламенттейтін стандарттардың талаптарына сәйкес электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі электр қауіпсіздігі мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын қамтиды.

6.13. Егер Жеткізуші шартты бұзу сәтінде шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдарынан Тапсырыс берушінің жабдығын бөлшектеу және өз жабдығын орнату жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырған болса, бұл жағдайда өнім беруші өз есебінен өзінің жабдығын бөлшектеуге және Тапсырыс берушінің бұрын бөлшектелген жабдығын орнатуға, сондай-ақ оның жұмыс қабілеттілігін ол тұрған режимде қалпына келтіруге және қамтамасыз етуге міндетті қызмет көрсету басталғанға дейін.

6.14. Жеткізуші оларға берілген жабдықтың, автокөліктің, сапалы материалдардың, конструкциялардың, тораптар мен бөлшектердің тиісінше сапасыздығы үшін, сондай-ақ жабдықты, автокөлікті, сапалы материалдарды, конструкцияларды, тораптар мен үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған бөлшектерді бергені үшін жауапты болады.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) мұндай жария ету заңнамада ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария етілмейтінін мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) жария еткен жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді. Осыдан кейін Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелердің сомасын қайтарады, Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір зиянның өтемін талап етуге құқығы болмайды.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты қисынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген жағдайларға байланысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазумен> пайыз) мөлшерде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін енгізеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша.

9.2. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары Актіге қол қойған және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

9.3. Егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажет шараны қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Тараптардың орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

11.2. Шарттың 11.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптар оған қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

- 1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушының) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;
- 5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер мөлшеріндегі соманы қайтарады және Шарттың 6-бөлімінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді;
- 6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді, Тараптар ол бойынша міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТ ТІЛІ

13.1. Шарт заңды күші бірдей төрт данада: екеуі қазақ тілінде және орыс тілінде жасалды.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы >
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК >
<банктің атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс берушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>
<Жеткізушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банктің атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.П. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок услуг < наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее – Услуги) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство оказать Услуги в срок и на условиях, предусмотренных Договором и Технической спецификацией.

